

**Алматы қаласындағы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, сондай-ақ арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындау туралы**

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс LXIII сессиясының 2020 жылғы 23 маусымдағы № 462 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 маусымда № 1622 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары айқындалсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 425 "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 1606 болып тіркелген, 2020 жылғы 6 ақпанда "Алматы ақшамы" газетінің № 15 шығаруында және "Вечерний Алматы" газетінің № 15 шығаруында жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау жергілікті мемлекеттік басқару және тұрғын үй мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Б. Қасымовқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаровқа жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының  
кезектен тыс LXIII сессиясының төрағасы

Б. Оспанов

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының хатшысы

К. Казанбаев

шешіміне қосымша

**Алматы қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары**

1. Алматы қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт әрі қарусыз жиналу, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шеру және пикеттеу өткізу құқығының іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Алматы қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары:

| № р/с | Арнайы орындар  | Материалдық-техникалық қамтамасыз ету   | Шекті толу нормасы         |
|-------|---|---|----------------------------|
| 1.1.  | Махатма Ганди атындағы саябақ   | Аумақта:<br>- жасанды жарықтандыру ;<br>- электр энергиясын қосуға арналған нүкте;<br>- бейнебақылау және бейнетіркеу камералары;<br>- 120 тұрақ орны (4 кіру, 4 шығу) бар. | 200<br>адамнан астам емес  |
| 2.2.  | "Сары Арқа" кинотеатрының артындағы гүлзар  | Аумақта:<br>- жасанды жарықтандыру ;<br>- электр энергиясын қосуға арналған нүкте;<br>- бейнебақылау және бейнетіркеу камералары.<br>- 20 тұрақ орны (1 кіру, 1 шығу) бар.  | 500<br>адамнан астам емес  |
| 3.3.  | "Шоқан Уәлиханов" атындағы гүлзар   | Аумақта:<br>- жасанды жарықтандыру ;<br>- электр энергиясын қосуға арналған нүкте;<br>- бейнебақылау және бейнетіркеу камералары;<br>- 50 тұрақ орны (2 кіру, 2 шығу) бар.  | 1000<br>адамнан астам емес |
| 4.4.  | Шевченко көшесіндегі "Шоқан Уәлиханов" атындағы гүлзардан Махатма Ганди атындағы саябаққа дейін | - көше бойында жарықтандыру;<br>- бейнебақылау және бейнетіркеу камералары бар.   | 1000<br>адамнан астам емес |

3. Алматы қаласы әкімдігінің өкілі хабарламаны (пикеттеу, жиналыс және митинг нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) немесе өтінішті (демонстрация және шеру нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) оң қараған кезде бейбіт жиналысты ұйымдастырушымен бірлесіп, іс-шараны өткізу тәртібін келісу үшін бір күн ішінде арнайы өткізу орнына келесідей сұрақтармен барады:

1) бейбіт жиналыс өткізу орнының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуімен танысу;

2) шеру және демонстрация маршрутымен танысу үшін.

4. Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушылар және оның қатысушылары Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңның (бұдан әрі – Заң) 5 және 6-баптарының талаптарын сақтауы қажет.

5. Заңның 9-бабы 5-тармағында көзделген объектілердің іргелес аумақтарынан кемінде 400 метр арақашықтық шекарамен айқындалсын.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы мәслихатының 21.02.2024 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**